

## Колутон ауылындағы көшелер атауларын қайта атау туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Колутон ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 1 маусымдағы № 2 шешімі. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 1 шілдеде № 1-6-101 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 2008 жылдың 3 маусымдағы Колутон ауылы азаматтары жиынының № 5 хаттамасын ескере отырып, Колутон ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - Ақмола облысы Астрахан ауданы Колутон ауылдық округі әкімінің 27.03.2017 № 1 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

1. Колутон ауылындағы көшелерді ауыстыру:

60 Лет Октября көшесі мен Элеваторная көшесін біріктіру жолымен Ілияс Есенберлин көшесіне;

Советская және Южная көшелерін біріктіру жолымен Кенесары көшесіне;

Комсомольская және Озерная көшелерін біріктіру жолымен Сәкен Сейфуллин көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуы бойынша бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Астрахан ауданы Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Колутон ауылдық  
округінің әкімі*

*А. Жумабаев*